| 33 | Айсугирова Мадина Адилбаевна | информатика пәні мұғалімі | "Информатика мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту" ПШО №067655 |

| | | | |
|----|---|---|--|
| | | | 26.03-05.04.2024ж 80сағ "Python бағдарламалау тілінің әдістемесі мен тәжірибесі". "Өрлеу" БАҰО №0749217 10.06-21.06.2024ж 80 сағ |
| 34 | Алтаева Лаззат Жумабаевна | информатика пәні мұғалімі | "Информатика мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту" ПШО №067656 26.03-05.04.2024ж |
| 35 | Ермұханбетова Қоңырша Рахымжанқызы | лиректор оқу ісі жөніндегі орынбасары, биология-химия пәні мұғалімі | "Химия пәні мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін арттыру. 7-9 сыныптардың қиын тақырыптары" "Өрлеу" БАҰО №0539380 08.08-19.08.2022ж 80сағ |
| 36 | Омарова Айгул Абилкаировна | биология пәні мұғалімі | "Биология мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 7-9 сыныптағы қиын тақырыптар""Өрлеу" БАҰО №0540053 22.08-02.09.2022ж 80сағ |
| 37 | Нұрман Анель Меңдыбайқызы | биология пәні мұғалімі | "Биология пәні мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту" «Өрлеу» БАҰО № 0545014 15.05-26.05.2023ж 80сағ |
| 38 | Абдыкаликова Газима Шораевна | география пәні мұғалімі | "7-9 сыныптарда география пәні бойынша педагогтердің пәндік құзіреттіліктерін дамыту"."Өрлеу" БАҰО №0540415 05.09-16.09.2022ж |
| 39 | Мұқанбетсадықов Есентүгел Қыдырбекұлы | география пәні мұғалімі | "Тарих мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту" ПШО 15.04-26.04.2024ж 80 сағ |
| 40 | Кенжебаева Аинагул Оспановна | география пәні мұғалімі | «Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту" ПШО №068376 13.05-24.05.2024ж 80 сағ |
| 41 | Елкей Мөлдір Елкейқызы | химия пәні мұғалімі | «Химия пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 7-9 сыныптардың қиын тақырыптары» "Өрлеу" БАҰО №0640875 10.07-21.07.2023ж 80 сағ |
| 42 | Таникулова Айым Оңғаровна | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәні мұғалімі | "Развитее аналитических и исследовательских навыков учителей истории в условиях обновления содержания образования" «Өрлеу» БАҰО №0485113 28.03- 08.04.2022ж 80сағ |
| 43 | Сейлханқызы Ботакөз | тарих пәні мұғалімі | «Тарих және құқық негіздерін оқытудың инновациялық әдістері» «Өрлеу» БАҰО №0748742 27.05-07.06.2024ж 80сағ |
| 44 | Абдуллина Динара Ысқаққызы | тарих пәні мұғалімі | "Тарих мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту" ПШО №067567 25.03-05.04.2024ж 80сағ |
| 45 | Сабырова Шынарғұл Аманғалиқызы | дінтану пәні мұғалімі | "Жаһандық құжыреттіліктер" «Өрлеу» БАҰО №0541533 17.04-28.04.2023ж 80сағ "Дінтану негіздері" «Өрлеу» БАҰО №0339630 06.03.2020ж 80сағ |
| 46 | Джугунысова Айнур Дошановна | тарих пәні мұғалімі | «Тарих және құқық негіздерін оқытудың инновациялық әдістері» «Өрлеу» БАҰО №0748723 27.05-07.06.2024ж 80сағ |
| 47 | Құлжабаев Серікқали Абдоллаұлы | көркем еңбек пәні мұғалімі | "Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру" "Өрлеу"БАҰО №0747848 22.04.24.-03.05.2024ж 80 сағ |
| 48 | Медетова Айгуль Мустанаевна | көркем еңбек және математика пәні мұғалімі | "5-9 сыныптардағы информатика пәнінің күрделі тақырыптары бойынша пән мұғалімдерінің пәндік құзіреттілігін дамыту" "Өрлеу" БАҰО №0639537 29.05-09.06.2023ж 80сағ "Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру"."Өрлеу" БАҰО №0644654 08.04-19.04.2024ж 80сағ |
| 49 | Еркінқызы Эльмира | көркем еңбек пәні мұғалімі | "Көркем еңбек пәні бойынша білім беру процесін жобалау және жүзеге асыру" "Өрлеу" БАҰО №0485226 28.03- |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | | 08.04.2022ж 80 сағ |
| 50 | Сағымбаева Жадыра Қуандыққызы | көркем еңбек және математика пәні мұғалімі | "Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру" "Өрлеу" БАҰО №0706952 18.09-29.09.2023ж 80сағ. "Математика пәні мұғалімінің кәсіби қызметін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізі" ХПШАА №000471 23.09.2022ж 80сағ |
| 51 | Балмұханова Ботакөз Табиғатқызы | музыка пәні мұғалімі | "Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" "Өрлеу" БАҰО №0755099 11.03-20.03.2024ж 80 сағ |
| 52 | Әлімжанұлы Санжар | музыка пәні мұғалімі | " Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" "Өрлеу" БАҰО №0486844 13.06-24.06.2022ж 80сағ |
| 53 | Тельман Досжан Мәуленұлы | музыка пәні мұғалімі | "Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" "Өрлеу" БАҰО №0486862 13.06-24.06.2022ж 80сағ |
| 54 | Ораз Бердіғали Базарханұлы | дене шынықтыру пәні мұғалімі | "Дене шынықтыру педагогтарының кәсіби құзыреттілігі және тәжірибесін жетілдіру" ҰҒП дене тәрбиесі орталығы РМҚК №00011132 29.05-09.06.2023ж |
| 55 | Нургалиева Кульшат Кадыровна | дене шынықтыру пәні мұғалімі | «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиясы» ПШО №067313 25.03-05.04.2024ж 80сағ |
| 56 | Сағындық Алтынбек Хасенұлы | дене шынықтыру пәні мұғалімі | «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» ҰҒП дене тәрбиесі орталығы РМҚК №0001440 27.05-07.06.2024ж 80сағ |
| 57 | Сағындық Батырбек Хасенұлы | дене шынықтыру пәні мұғалімі | «Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» "Өрлеу" БАҰО №0756355 22.04-03.05.2024ж 80сағ |
| 58 | Қуанышбай Нурсултан Тынысбайұлы | дене шынықтыру пәні мұғалімі | «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиясы» ПШО №067306 25.03-05.04.2024ж 80сағ |
| 59 | Турсынбаев Наурызбек Жумабаевич | дене шынықтыру пәні мұғалімі | "Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" «Өрлеу» БАҰО №0543536 21.11-02.12.2022ж 80сағ |
| 60 | Нургалиева Салтанат Адилжанқызы | дене шынықтыру пәні мұғалімі | «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиясы» ПШО №067314 25.03-05.04.2024ж 80сағ |
| 61 | Сәндібек Нұрбек Тілегенұлы | АӘДжТ пәні мұғалімі | «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагог-ұйымдастырушыларының пәндік құзыреттіліктерін дамыту» «Өрлеу» БАҰО №0663484 02.10-13.10.2023ж 80сағ «Дене шынықтыру пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру» ПШО №250b208ee 15.04.2022ж 80сағ |
| 62 | Сейткамалова Гулбагда Зейнуллаевна | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш класс пәні мұғалімі | «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» №0749185 «Өрлеу» БАҰО 10.06-21.06.2024ж 80сағ |
| 63 | Жилкибаева Зауре Тулеугалиевна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру" «Өрлеу» БАҰО №074875 27.05-07.06.2024ж 80 сағ |
| 64 | Алишева Лаззат Байкадамовна | бастауыш класс пәні мұғалімі | «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» № 0749167 «Өрлеу» БАҰО 10.06-21.06.2024ж 80сағ |
| 65 | Жангасиева Айман Урымбасаровна | бастауыш класс пәні мұғалімі | Бастауыш сынып (1-4 сыныптар) мұғалімдерінің "Математика", "Қазақ тілі" және "Әдебиеттік оқу" пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту" «Өрлеу» |

| | | | |
|----|--|---------------------------------|--|
| | | | БАҰО01 №0569006 08-12.08.2022ж 80сағ |
| 66 | Исламова Айгүль Тулкибаевна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш сынып (1-4 сыныптар) мұғалімдерінің "Математика", "Қазақ тілі" және "Әдебиеттік оқу" пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту" «Өрлеу» БАҰО №0569012 01.08-12.08.2022ж 80сағ |
| 67 | Сүлейменова Назгул Туралиевна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш сынып (1-4 сыныптар) мұғалімдерінің "Математика", "Қазақ тілі" және "Әдебиеттік оқу" пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту" «Өрлеу» БАҰО01.08-12.08.2022ж |
| 68 | Абилдаева Айсулу Ембергеновна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары" ПШО №33с5b6bb5 01.08-19.09.2022ж 120сағ |
| 69 | Жусупова Айгуль Азатовна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш сынып (1-4 сыныптар) мұғалімдерінің "Математика", "Қазақ тілі" және "Әдебиеттік оқу" пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту" «Өрлеу» БАҰО №0539032 01.08-.12.08.2022ж 80сағ |
| 70 | Шаманбаева Айгуль Мақсұтовна | бастауыш класс пәні мұғалімі | «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру». «Өрлеу» БАҰО №0748365 13.05-24.05.2024ж 80 сағ |
| 71 | Шағырбайқызы Гүлжанат | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту" ПШО №054812 26.02-07.03.2024ж 80 сағ |
| 72 | Тастаева Акбаян Мейрихановна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары" ПШО №001528 05.06.-24.06.2023ж 120сағ |
| 73 | Умирзакова Гулжазира Алшынбаевна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш сынып мұғалімдерінің математика, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту" «Өрлеу» БАҰО №0663915 09.10-20.10.2024ж 80сағ |
| 74 | Сайымова Гүлдана Алдановна | бастауыш класс пәні мұғалімі | «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» №0644611 «Өрлеу» БАҰО 08.04-19.04.2024ж 80сағ |
| 75 | Саримова Гита Жумалиевна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары" ПШО №2f4a72b6a 20.06-08.07.2022ж 120сағ |
| 76 | Узақбаева Бибизада Жомартовна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту" ПШО №054810 26.02-07.03.2024ж 80сағ |
| 77 | Акпанова Акмарал Нурболовна | бастауыш класс пәні мұғалімі | "Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары" ПШО №4f495c590 26.07.2022ж 120сағ |
| 78 | Идирисова Гауһар Сұлтанбекқызы | Логопед | "Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру бойынша арнайы педагогтың (дефектолог-мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту) "Өрлеу" БАҰО №0642548 11.09.-22.09.2023ж 80 сағ |
| 79 | Аккалышева Галия Оразқызы | Психолог | - |
| 80 | Космагамбетова Ботагоз Айтпаевна | Психолог | "Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту: отбасы, мектеп, мансап" ПШО №002674 21.02-03.03.2023ж 80сағ «Жаһандық құзіреттіліктер» "Өрлеу" БАҰО №0025322 14.10.2022ж 80сағ |
| 81 | Танашбаева Әсемгул Айсұлтанқызы | Әлеуметтік педагог | "Балалардың өмір қауіпсіздігін және әлеуметтенуін ұйымдастыру бойынша әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамыту" 16.05-27.05.2022ж №0486342 "Өрлеу" БАҰО |

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны –1, жас маман – Г.О.Аккалышева (педагогикалық өтілі 2 жыл). Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі - **100%**

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасарларының үш жылда бір рет сиретпей біліктілік арттыру курстарынан өтуі туралы ақпарат

| № | Аты-жөні, тегі | Қызметі | Біліктілік арттыру курсынан өткен уақыты, мекеме атауы |
|---|--------------------|--|--|
| 1 | Амитжанова И.Б | Мектеп директоры | «Жан басына қаржыландыруға өту жағдайындағы инновациялық менеджмент» ҚР БҒМ "Өрлеу" БАҰО №053466726. 09.07-10.2022ж 80 сағ «Білім берудегі менеджмент» «Білім» қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты06.05.2024ж № 090520 72 сағ |
| 2 | Сулейменова К.К. | Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары | «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектептің инновациялық дамуын басқару» ҚР БҒМ "Өрлеу" БАҰО 25.07.2021ж № 0207064 80 сағ |
| 3 | Сейткамалова Г.З | Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары | - |
| 4 | Ермұханбетова Қ.Р. | Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары | - |
| 5 | Мукатова М.М. | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | «Білім берудегі менеджмент» ҚР БҒМ НЗМ ПШО №9af56038 08.02.2021ж 80сағ "Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету" «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты №0040908 15.03.2024ж 40сағ |
| 6 | Таникулова А.О. | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»АҚ №0038558 04.12-08.12.2023ж 36 сағ |

Көрсетілген мәліметтерге сәйкес мектеп басшысы және 1 басшы орынбасарлары біліктілік арттыру курсынан өткен. 2 басшы орынбасарлары Қ.Р.Ермұханбетова, А.О.Таникулова басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан (мектепшілік бұйрық 01.09.2023ж №231 ж/қ) , алдағы уақытта жоспарланған. Басшы, басшы орынбасарларының үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өту үлесі 67%
Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі-%-97,5 **-4 балл**

3. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы: деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер

Мектептің негізгі міндеттерінің қатарында – білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты басымдығын іске асыру-білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесі субъектілерінің білім беру сұраныстарын қанағаттандыру. Мектеп білім алушылардың контингенті жылдан жылға өзгеруі тұрғылықты жерлерінің өзгеруінен туындап отыр. Жалпы білім беретін сыныптардың жұмыс істеуінің белгіленген нормасы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты басымдығын – білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесі субъектілерінің білім беру сұраныстарын қанағаттандыру үшін мүмкіндік туғызады. Мектеп екі ауысымда жұмыс істейді. Қарастырылып отырған кезеңдегі білім алушылар контингенті және оның құрылымы кестеде келтірілген.

1- кесте Білім алушылар контингенті

| Оқу жылы | Бастауыш мектеп | Негізгі мектеп | Жоғары мектеп | Барлығы |
|-----------|-----------------|----------------|----------------|---------------|
| | 1-4 сыныптар | 5-9 сыныптар | 10-11 сыныптар | 1-11 сыныптар |
| 2021-2022 | 450 | 526 | 177 | 1113 |
| 2022-2023 | 434 | 490 | 152 | 1076 |
| 2023-2024 | 432 | 456 | 150 | 1038 |

Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

Жалпы кестеден шығатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар контингенті.

2-кесте Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті (2021-2022 о.ж.)

| № | Сынып | ЕББҚЕ оқушы саны | Сыныптағы жалпы оқушы саны |
|--------------|-----------------------|------------------|----------------------------|
| 1 | 3 «Ә» | 1 | 21 |
| 2 | 3 «Г» | 1 | 20 |
| 3 | 2 «Б» | 1 | 26 |
| | 1-4 сыныптарда | 3 | |
| 4 | 5 «А» | 1 | 24 |
| 5 | 8«Б» | 1 | 28 |
| | 5-9 сыныптарда | 2 | |
| жалпы | 1-9 сыныптарда | 5 | |

2 «Б»,5 «А» және 8 «Б» сыныптарында ерекше білім беруді қажет ететін балалар жыл ортасында анықталды, сол себептен сыныптағы бала саны шамадан артық.

**2022-2023 оқу жылындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар
(ЕББҚЕ) білім алушылар контингенті**

| № | Сынып | ЕББҚЕ оқушы саны | Сыныптағы жалпы оқушы саны |
|--------------|-----------------------|------------------|----------------------------|
| 1 | 3 «Б» | 1 | 22 |
| 2 | 4 «Ә» | 1 | 19 |
| 3 | 4 «Г» | 2 | 19 |
| | 1-4 сыныптарда | 4 | |
| 4 | 6 «А» | 1 | 19 |
| 5 | 9 «Б» | 1 | 25 |
| | 5-9 сыныптарда | 2 | |
| жалпы | 1-9 сыныптарда | 6 | |

**2023-2024 оқу жылындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар
(ЕББҚЕ) білім алушылар контингенті**

| № | Сынып | ЕББҚЕ оқушы саны | Сыныптағы жалпы оқушы саны |
|--------------|-----------------------|------------------|----------------------------|
| 1 | 4 «Б» | 1 | 21 |
| | 1-4 сыныптарда | 1 | |
| 2 | 5 «Ә» | 1 | 21 |
| 4 | 5 «В» | 2 | 18 |
| 5 | 7 «А» | 1 | 21 |
| | 5-9 сыныптарда | 4 | |
| жалпы | 1-9 сыныптарда | 5 | |

№3 -кесте. Денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын білім алушылар саны

| Оқу жылы | Бастауыш мектеп | Негізгі мектеп | Жоғары мектеп | барлығы |
|-----------|-----------------|----------------|---------------|---------|
| 2021-2022 | 2 | 3 | - | 5 |
| 2022-2023 | 1 | 3 | 1 | 5 |
| 2023-2024 | - | 2 | 2 | 4 |

№4 -кесте. Сынып жинақтарының саны

| Оқу жылы | Бастауыш мектеп | Негізгі мектеп | Жоғары мектеп | Барлығы |
|-----------|-----------------|----------------|---------------|---------|
| 2021-2022 | 19 | 21 | 6 | 46 |
| 2022-2023 | 19 | 22 | 6 | 47 |
| 2023-2024 | 17 | 19 | 6 | 42 |

Орташа сынып саны 24 адам

Оқушылардың қозғалысы туралы мәлімет

Оқушылардың қозғалысы мектеп бойынша бұйрықпен ресімделеді, есеп ҰБДБ /Ұлттық жалпы білім беру деректер базасында/,2021-2022,2022-2023 оқу жылдары «kundelik.kz»,2023-2024 оқу жылы Bilimclass.kz қалыптастырылады. Оқушылардың қозғалысы туралы деректер кестеге жазылады: №30 қазақ орта мектебі бойынша соңғы үш жылға оқушылар қозғалысы статистикалық форма негізінде төмендегі кестеде көрсетілген (алымында оқушы саны, бөлімінде қыздар саны)

5 – кесте. Қозғалыс мониторингі

| Оқу жылы | Оқу жылының басы | келгені | кеткені | Оқу жылының аяғы |
|-----------|------------------|---------|---------|------------------|
| 2021-2022 | 1113/571 | 37/24 | 88/50 | 1062/545 |
| 2022-2023 | 1076/558 | 57/35 | 62/40 | 1071/553 |
| 2023-2024 | 1038/521 | 39/20 | 47/24 | 1030/517 |

«№30 қазақ орта мектебі» КММ-ніне қабылданатын білім алушылардың ата-аналарын, білім алушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген. Сыныптар бойынша тіркеу папкасында орналастырылған, директордың қабылдау бөлмесінде сақталған. Оларды сақтау және рәсімдеу үшін іс жүргізуші мен хатшы жауапты. Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылған.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып,білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 500 бұйрық) бекітілген оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 348 бұйрық) бекітілген Бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.

2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспарлары тексерілген. (сканерленген нұсқасы қоса беріледі).

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 19 класс комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 21 класс комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 6 класс комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

10-сыныптар бойынша оқу жоспары жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 30-31-қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

11-сыныптар оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 1-қосымшасы, қоғамдық-гуманитарлық бағыты, 2-қосымшасы жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша басшылыққа алынып жасалған.

2021-2022 оқу жылында үйден оқытуға 8“Б” сынып білім алушысы (Адаева Алина), 9“Б” сынып білім алушысы (Жұмабекова Диляра), 6”Ә” сынып білім алушысы (Талғат Рахим) және 4”Г” сынып білім алушысы (Давлетов Алмаз) ДКК қорытындылары негізінде үйден оқытудың оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 53-55 қосымшалары және 1“Б” сынып білім алушысы (Арын Исмаил) ДКК қорытындысы негізінде үйден оқытудың оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 4 – қосымша, 11-тарау “Орташа ақыл-ой кемістігі бар” оқушыларға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары басшылыққа алынып жасалған.

Сабақ кестесі: 2021-2022 оқу жылына сабақ кестесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамызда № 345 бұйрығына 2-қосымша «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» 2,5 бөлімі 39 тармақшасы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kundelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған, өткізілуі онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылған. Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 1-11 сыныптарда 5 күндік оқыту ұйымдастырылған.

2021-2022 оқу жылында білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппенің» қайта оқытылуы болды. Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 19 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 22 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 6 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10-11-сыныптар оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 38-қосымшасы қоғамдық-гуманитарлық бағыты, 39-қосымшасы жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша басшылыққа алынып жасалған.

2022-2023 оқу жылында үйден оқытуға 2“Б” сынып білім алушысы (Арын Исмаил), 5”Г” сынып білім алушысы (Давлетов Алмаз), 5”Б” сынып білім алушысы (Жалғасбекова Арай) ДКК қорытындылары негізінде үйден оқытудың оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 4 –қосымша, 10-тарау “Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған және 9“Б” сынып білім алушысы (Адаева Алина), 10“Б” сынып білім алушысы (Жұмабекова Диляра), ДКК қорытындылары негізінде үйден оқытудың оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 55-57 қосымшалары басшылыққа алынып жасалған.

Сабақ кестесі: 2022-2023 оқу жылында «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kundelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ ұзақтығы 40 минут. Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 1-11 сыныптарда 5 күндік оқытуды ұйымдастырылған, күрделі тақырыптарды терең зерттеу, бастапқы ақпаратты жақсы меңгеру үшін 10-11 сыныптарда жұптасқан сабақтарды енгізілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Жұмыс оқу жоспарының негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды орындау және жүзеге асыру.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 17 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 19 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 6 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

10-11-сыныптар оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-86- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

2023-2024 оқу жылында үйден оқытуға ДКК-ның, ҚМПК қорытындылары негізінде 10 «Б» сынып білім алушысы (Адаева Алина), 11«Б» сынып білім алушысы (Жұмабекова Диляра), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); **/57-қосымшасы/** және 6 «Б» сынып білім алушысы (Жалғасбекова Арай) мен 6 «В» сынып білім алушысы (Давлетов Алмаз) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); **/9-қосымша, 10-тарау** «Зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар» білім алушыларға арналған оқу жоспары басшылыққа алынып жасалған.

"Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы (ЖМ.2020 жылғы 27 қарашаға №496 қосымша;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР

Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).

Сабақ кестесі: 2023-2024 оқу жылында «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «Bilimclass» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ ұзақтығы 40 минут. Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 1-11 сыныптарда 5 күндік оқыту ұйымдастырылған. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген

Жалпы қорытынды: Жалпы 2021-2024жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kundelik.kz» және «Bilimclass» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. *(сабақ кестелері электрондық нұсқада жалғанып салынған).*

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа алынған.

1-4 сыныптарда ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің типтік оқу бағдарламалары; (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрықтар: 8.04.2016ж. - №266, 10.05.2018ж.-№199, 26.07.2019 №334) негізінде жүзеге асырылған.

5-9 сыныптарда білім беру процесі ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің типтік оқу бағдарламалары (2017 жылдың 25 қазандағы №545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылды. «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығы, «Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығы, тарих пәніне 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылған.

10-11 сыныптарда ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің типтік оқу бағдарламалары (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрықтар: 2017 жылғы 3 сәуірдегі №352 бұйрығы, 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығы, 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрықпен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша өзгерістер) басшылыққа алынған.

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2022 жылдың 23 қыркүйек күнгі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) басшылыққа алынды. ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің типтік оқу бағдарламаларына (2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрықпен енгізілген өзгерістер).

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2022 жылдың 23 қыркүйек күнгі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) басшылыққа алынды. ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің типтік оқу бағдарламаларына (2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрықпен енгізілген өзгерістер).

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары Bilimclass.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағаттар пәндерге Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар Bilimclass.kz электронды журналға толтырылған.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының тәрбие жұмысының жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, тәрбиенің 8 бағыты бойынша жүргізілген. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Ұлттық мүдде», «Талап», «Ар-ұят» құндылықтарын сіңіру бағытында жүргізіліп, «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 06 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес құрылған тәрбие жұмысының жоспары мектеп сайтына жүктелген. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу мақсатында мектептегі тәрбие жұмысы тұжырымдамаға сәйкес 8 бағыт бойынша ұйымдастырылды: қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, рухани –танымдық адамгершілік тәрбие, отбасы тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, ұлттық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, көпмәдениет және көркем-эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның белсенді қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақтылы өткізіліп, өткізілген іс-шаралар мектептің инстаграмм парақшасында «30_орта_mektep» жарияланып отырған. Атап айтсақ, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында мектептің ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Шаңырақ» ата-аналар клубы «Ғибрат» ата- әжелер, «Шуақ» аналар, «Жігер» әкелер клубтарымен тығыз байланыста жұмыстар жасалған. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын нығайту мақсатында «Қызым,

саған айтам!», «Әке тәрбиесі- отбасы тәрбиесінің діңгегі», «Анашым, саған мың алғыс!», «Ата-әже тәрбиесі – ұлттық тәрбиенің алтын қазығы» тақырыптарында дөңгелек үстелдер, кездесулер, конференциялар өткізілген. «Тәуелсіздік жетістіктері» білім сабақтары, «БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» тақырыбында білім сабақтары, «Кел, балалар, оқылық!», Сыңғырла, алғашқы қоңырау!» алғашқы қоңырау салтанатты жиындары, «Біз рәміздерді құрметтейміз!» апталығы, «Бала құқығы- адам құқығы» айлық акциясы, «Менің Отаным- Қазақстан!» сурет көрмесі, «Тұңғыш Президент» күніне арналған класс сағаттары, Елдіктің жеті тұғыры», «Тәуелсіздіктің 7 қыры: парасатты шешім» бейнефильмдер тамашалаулар, «16-желтоқсан Тәуелсіздікке- 30 жыл», «Елбасы.Тәуелсіздік.жарқын болашақ», «Тәуелсіздік- мәңгілік елдің тұғыры», «Тәуелсіздіктің 7 қыры: парасатты шешім» бейнефильмдер тамашалаулар, «16-желтоқсан Тәуелсіздікке- 31 жыл» тақырыбында іс –шаралар ұйымдастырылды. 7,9 - мамыр мерекелеріне арналған Тілеу батыр ескерткішіне «Батырға тағзым» шарасына мектеп оқушылары қатысты. «Мен елімнің патриотымын!» тақырыбында өткізілген кездесуге Ұлы Отан соғысының тыл ардагері Шорин Шылбатыр қатысқан. Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай «Ауғанның от жалыны» атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші ұйымдастырылып, ауған соғысының ардагері Айтпай Нұрлан Құсайынұлы, ардагер- иньтернационалист Нұрмағамбетов Бауыржан Избасқанұлы, Ақтөбе қаласы Астана және Алматы аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріккен басқармасының тәрбие, идеологиялық, әскери-патриоттық жұмыстар атқару бөлім бастығы майор –Кутанов Избасқан Шабанұлы қатысқан. Сонымен қатар, мектебіміздің Қасым Қайсенов атындағы «Қаһарман» әскери-патриоттық клубының мүшелері «Мен және менің полицейім!» , «Мен елімнің патриотымын!» тақырыптарында құқық қорғау қызметкерлерімен бірге акциялар, соғыс, тыл ардагерлеріне құрмет көрсету акциялары ұйымдастырылған. «Жас жауынгер- 2022», «Жас жауынгер- 2023» байқауы, сонымен қатар, мектепшілік Қ.Қайсенов атындағы «Қаһарман» әскери-патриоттық клубының мүшелері арасында «Жас ұлан» әскери-саптық байқауы ұйымдастырылған. Сонымен қатар, клуб мүшелері Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған қала мектептерінің 2008-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасында “Жас ұлан” әскери-қолданбалы спорт түрлерінен болған сайыста жүлделі І орын иеленді.“Қыран елім-Қазақстаным” патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу байқауының облыстық кезеңінде мектебіміздің 5 “А”-класс оқушысы Үсен Құралай 2-орынды жеңіп алды. Қалалық жас туристтер станциясы ұйымдастырған “Түлдене бер,Қазақстан” өлкетану олимпиадасына 9 «В» класс білім алушысы Мукадинов Алихан қатысып, 1-орын алды. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күніне орай қала мектептерінің оқытушылары арасында өткізілген “Мерген мұғалім-2023” пневматикалық винтовкадан нысана көздеп ату жарысында әйелдер арасында жекелей есепте мектебіміздің информатика пәні мұғалімі Мубарак Тұрсынай жүлделі ІІІ ОРЫН иеленді. ҚР Қарулы Күштерінің құрылған күніне орай қаланың жалпы білім беретін мектептерінің жоғарғы класс оқушылары арасында өткізілген “Жас Жауынгер-2023” әскери-қолданбалы спорт түрлері жарысында “N30 қазақ орта мектеп” командасы жүлделі ІІ орын иеленді. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 31 жыл толуына орай, қала мектептерінің орта буын оқушыларымен өткізілген “Жас Ұлан-2023” әскери-қолданбалы спорт жарысында N30 қазақ орта мектебі жүлделі І ОРЫН иеленді. 7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай “Мен елімнің патриотымын!” атты қалалық жігіт сұлтаны байқауына мектебіміздің 10”А” класс оқушысы Абильдаев Дияс қатысып Алғыс хат иеленген. Рухани- адамгершілік тәрбие бағытында «Адал- сатылмайтын еңбек» класс сағаттары, «Толеранттылық- әлемге апарар жол» тақырыптарында 1-11 кластар арасында класс сағаттары өткізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» акциялары жыл бойы мектептің өзін өзі басқару ұйымы және «Жас ұлан» ұйымы, «Адал ұрпақ» клубтары тарапынан ұйымдастырылып, өткізілді. Ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғыртып, жас ұрпақ бойына сіңіру мақсатында облыстық өнер мұражайында өткен “Бабалар жолын жалғаймыз” тақырыбындағы Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі Бердібекова Лаура Қуантайқызымен өткен танымдық сабағына мектебіміздің білім алушылары қатысып, кеңінен мағлұмат алды. 1- наурыз Алғыс айту күнінде мектебіміздің көпбалалы аналарына дәстүрлі түрде құрмет көрсетілді. Мектебіміздің “Жан жылуы” еріктілер клубы мен өнерпаз балаларымыз мерекелік көңіл-күй сыйлап, ән-жырларын арнаған. Рухани- танымдық адамгершілік бағыты бойынша қамқоршылық, қайырымдылық жұмыстарына мектепшілік

«Жан жылуы» еріктілер клубының мүшелері белсенді қатысып, қайырымдылық шараларын өткізіп, мектебіміздің 25 отбасына азық-түліктер апарып, көмек көрсетті. Сонымен қатар, облыстық «Біз біргеміз!» волонтерлар сайысына қатысып, I орын иеленіп, «Жан жылуы» еріктілер клубының мүшелері алғыс хаттармен марапатталды. 5 “Г” класс білім алушылары “Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт”, “Балалар және театр” жобалары аясында 5- кластар арасында өткен қалалық білім бәйгесіне қатысып, жүлделі III орын иеленген. Салауатты өмір салтын сақтауда «Инабат» қыздар клубының мүшелері және «Наркобекет» тобының мүшелері арасында медицина қызметкерлерімен кездесулер, тренингтер ұйымдастырылған. Атап айтсақ, оқушылардың “Салауатты өмір салтын сақтайық!”, “Зиянды әрекеттерден аулақ бол!” тақырыптарында Ақтөбе СӨС орталығының мамандарының қатысуымен семинар-тренинг ұйымдастырылған. Мектеп оқушылары арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында "Есірткі елге де, ерге де қауіпті" тақырыбында класс сағаттары өткізілген. Тәрбиенің барлық бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар, іс-шаралар мектеп инстаграмм парақшасында жарияланып отырған. (30_orta_mektep)

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы ҚР Оқу- ағарту министрлігінің 2023 жылдың 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығы, «Ақтөбе қаласының Білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылдың 21 қыркүйектегі №303 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Мектептің тәрбие саласы Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұйымдастырылып, жүзеге асырылған. Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаты пән мұғалімдерімен қатар, сынып жетекшінің ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын білім алушы бойына сынып сағаттары, сабақтар шеңберінде ұйымдастырып, өткізілген. Сонымен қатар, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылып, «Даналық» мектебімен бірлескен іс-шаралар, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының сабақтары өткізілген. Бұл өз кезегінде ата-ана мен мектептің байланысын нығайтуда маңызы зор болғанын атап кетуге болады. Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу, қоғам игілігі үшін қызмет ету, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында тәрбие жұмысы жобалармен кіріктіріліп, іс-шаралар өткізілген. Атап айтсақ: Білім алушыларға патриоттық тәрбие берудің бастапқы қадамы- ол оқушылардың мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін ояту болып табылады. Әр елдің тәуелсіз ел, мемлекет екенін білдіретін ең басты үш белгісі бар. Олар: Елтаңба, Туы және Гимні.Осы мақсатта мектебімізде әр дүйсенбі күні мектеп ұстаздары мен оқушыларының қатысуымен Мемлекеттік Гимн орындалған. “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында мектебіміздің кітапханашысы Данекерова М.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Елубай И.Е. және 7”В” класының білім алушылары №4 М.Горкий атындағы қалалық кітапханаға саяхат жасап барды. Қызықты, мағыналы, танымдық саяхат болды. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Ұл тәрбиесі- ұлт тәрбиесі» тақырыбында мектеп инспекторымен кездесу ұйымдастырылды. Мектепшілік жиын жасалды. Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы, құқық бұзушылықтың алдын алу, зиянды заттардың алдын алу тақырыбында түсіндіру жұмыстары “Ұлттық мүдде” құндылығын сіңіру мақсатында “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы бойынша 7 “А”, “Ә”, “Б”, “В” кластарының ер балалары арасында “Құқық бұзушылықтың салдары” тақырыбында танымдық сабақ өткізілген. “Қаһарман” әскери-патриоттық клубының мүшелері Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасының негізінде Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесінің «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы аясында Ақтөбе қаласының № 30238 әскери бөлімі сарбаздарымен өткізілетін «Отанның сенімді қорғаушысы» мәдени-көпшілік іс-шарасына қатысып, Ант беріп, “Жас сарбаз” қатарына қабылданып, аналардың ақ батасын алған. Бұл шараның жастарды өз Отанының адал патриоты болуға тәрбиелеуде, қоғамға белсене араласуына көмектесуде, өз еліне сүйіспеншілігін арттыруда маңызы өте зор болды. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтарына бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде «Даналық мектебі» клубы отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Жігер» ер балалар клубы,

«Инабат» қыз балалар клубы, «Қаһарман» әскери- патриоттық клубы, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы, «Жас жол инспекторлары» жас жол қозғалыс инспекторлар тобы, мектеп парламенті құрылған. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» құндылықтарға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруда зор ықпал еткен. Сонымен қатар, құндылықтарға бағытталған тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жобалар бойынша да жұмыстар өткізіліп, әр жоба бойынша атқарылған іс-шаралар мектептің инстаграмм желісіне және мектеп сайтына орналастырылған. Атап айтсақ, «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында, 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттары, “Тәуелсіздік мен үшін” мәнерлеп оқу челленджі өткізілді. Сонымен қатар, Халық қаһарманы, қазақтың қас батыры Қасым Қайсеновтың туғанына 105 жыл толуына орай өткізілген “Батыр Қасым” атты қалалық конференцияға белсенді қатысқан мектебіміздің 10”А” класс оқушысы Шынтас Азамат алғыс хат иеленді. “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы негізінде “Жеткіншек білу керек қағидалар- болашаққа жол” тақырыбында апталығы аясында заңгер, кәсіби медиатор Аймағанбетова Айнура Құранияқызы 9-класс білім алушылары арасында “Медиация - дауларды шешудің мәдениетті жолы” тақырыбында булинг, құқықбұзушылықтың салдары туралы оларды шешу жолдарын түсіндіріп, білім алушылармен пікір алмасу жүргізген. Сонымен қатар, апталық аясында “Даналық” мектебі әкелер клубының жоспарына сәйкес 10-11 класс білім алушылары арасында кездесу өткізілген. “Деструктивтік діни ағымдардан сақтану- өзіңнің болашағын үшін” атты кездесуге мектепшілік қамқоршылық кеңесінің мүшесі, әкелер клубының төрағасы, «Ақтөбе облысы әкімі аппараты» ММ, Бөлім басшысы Бектенғалиев Серік Асқарұлы қатысып, құнды мағлұматтар беріп, пікір алмасты. Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде мүдделі органдармен біріктірілген жұмыстар да жүргізілген. Атап айтсақ, құқық қорғау орындары, төтенше жағдай департаменті, Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мүшелері, облыстық «Шолпы» қыздар клубы, дін істер басқармасы, салауатты өмір салтын насихаттау орталықтары, қосымша білім беру мекемелерімен бірлескен жұмыстар атқарылған.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2021-2022 оқу жылы бойынша – 46 сынып жетекшісі, оның ішінде: жоғары санатты- 17, I санатты-13, II санатты-7, санаты жоқ- 9, 2022-2023 оқу жылы бойынша - 47 сынып жетекшісі, оның ішінде: педагог –зерттеуші- 17, педагог-сарапшы – 7, педагог- модератор- 10, I санатты -1, II санатты- 2, санатсыз – 10. 2023-2024 оқу жылы бойынша - 42 сынып жетекшісі тағайындалған. Оның ішінде педагог –зерттеуші- 15, педагог-сарапшы – 7, педагог- модератор- 10, I санатты -0, II санатты- 2 санатсыз – 8.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс

қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2021 – 2022, 2022-2023 оқу жылдарында рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік –эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандары ұйымдастырылған. 2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы «Жас дәурен» орталығы аясына мектепшілік клубтар мен үйірме-секциялар жұмыстары кіріктіріліп, жұмыс жасаған. Атап айтсақ, «Адал ұрпақ» клубы, «Жан жылуы» еріктілер клубы, «Парасат» ұлдар мен қыз балалар клубы, «Жас дарын», «Жас ғалым» орталықтары, «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы, «Парламент» мектептің өзін өзі басқару ұйымы,

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы іске асырылып келген. 2021-2022 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылған. Сонымен қатар 5-9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылған. 10-11-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылған. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» «Kundelik.kz» электрондық журналына тақырыптары енгізілген. 2022-2023 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының оқыту Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы негізінде жүргізілген. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныпта 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырған. Сонымен қатар 5-9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырған. 10-11-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылған. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» «Kundelik.kz» электрондық журналына тақырыптары енгізілген. 2023-2024 оқу жылы бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25- тармағы, 3-қосымша 4-тарау, 56-тармақ, 4-қосымша 4-тарауының 50-тармағына сай «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде талапқа сай жүргізілген. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырған, 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске

асырылған. 10-11-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылған. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілген. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» «Bilimclass.kz» электрондық журналына тақырыптары енгізілген. 2023-2024 оқу жылына білім алушылардың өмір қауіпсіздігіне байланысты жағдайлар тіркелмеген.

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары міндетті оқу курсына 1-8 сыныптарда сынып жетекшілері сынып сағаттарында жүргізген. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта 1-4-сыныптарда «Жол қозғалыстарының ережесі» оқу курсының мазмұны сынып сағаттарының есебінен әр сыныпта 6 сағаттан өткізілген. 5-8-сыныптарда бұл оқу курсы сабақтан тыс уақытта және сынып сағаттары есебінен әр сыныпта 10 сағаттан өткізілген. 2022-2023 оқу жылындағы 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы негізінде 1-4 сыныптарда әр-бір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып жүзеге асырған. 2023-2024 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 26-тармаққа, 3-қосымша 2- тарау, 38-тармағына сай «Жолда жүру ережелері» оқу курсы мектеп білім алушыларына «Жолда жүру ережелері» оқу курсы талапқа сай жүргізілген. 1-4-сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырған. 5-8-сыныптарда «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізген. «Bilimclass.kz» сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылған. Оқу жылының басында балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу және көшелер мен жолдарда білім алушылардың қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін сақтау бойынша жасалған іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-8 сынып білім алушыларынан «Жас жол инспекторлары» тобы құрылып, оның жұмысы Ережеге сәйкес ұйымдастырылған. Оқу жылының басында «Қауіпсіз мектеп» республикалық акциясы негізінде және «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасына сәйкес түсіндіру жұмыстары полиция қызметкерлерімен бірге ұйымдастырылған. Әр сынып жетекші күнбе-күн «Жолда жүру ережелерін» түсіндіру және қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында сынып сағатының және соңғы сабақтың 5 минутында түсіндіру жұмысын жүргізіп, арнайы журналға тіркеп отырған. Әр сынып кабинетінде жолда жүру ережелеріне арналған буклеттер, сынып бұрыштары ұйымдастырылып, отырған. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес мектепте балалардың жол - көлік жарақаттануының алдын алу бойынша жұмыстар ұйымдастырылған. Балаларды жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздеріне оқыту бойынша іс-шаралар сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар арқылы жүзеге асырылған. «Жол қозғалысы ережелері» бойынша жоспарлы апталықтар мен айлықтар өткізілген. "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" "Ғаламтор қауіпсіздігі" жобасы негізінде "Қауіпсіз мектеп" акциясы аясында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-9 класс білім алушыларына мектепшілік жиын өткізіліп, мектеп инспекторы Наргиз Жәдетқызы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектебіміздің "Жас жол инспекторлары" "Қауіпсіз мектеп" акциясы аясында "Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы негізінде бастауыш класс білім алушыларына "Жолда жүру ережесін білесің бе?" атты түсіндіру жұмыстарын жүргізді. "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының "Жеті жарғы бағыты" "Қауіпсіз мектеп" акциясы аясында

“Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы негізінде бастауыш класс білім алушыларына “Жолда жүру ережесін білесің бе?” атты түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іс -шара барысында “Айналайын абайла” бейнеролигі көрсетіліп, жол белгілері таныстырылды. “Қандай белгі?” жасырын белгіні табу қызықты ойыны ұйымдастырылып, іс-шара соңында балаларға жадынама таратылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар
Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

Аталған өлшемшарт бойынша үш оқу жылының жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу- тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкестігі сақталған. Оқу жылындарын зерделеу барысында **2021- 2022 оқу жылында** апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 27 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта-34 сағаттан, 8-сыныпта–35 сағаттан, 9-сыныпта-36 сағаттан, жалпы орта білім беру деңгейінде 10-сыныпта -37 сағаттан, 11-сыныпта-39 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2022-2023 оқу жылында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта-31,5сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан, жалпы орта білім беру деңгейінде 35 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-4 -сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11-қосымшаға сәйкес төмендетілген оқу жүктемесі бойынша апталық жүктеме 1-класстарда вариативтік компонентті қоса алғанда - 19,5 сағат; 2- сыныпта вариативтік компонентті қоса алғанда -24 сағат; 3- сыныпта вариативтік компонентті қоса алғанда -26 сағат; 4- сыныпта вариативтік компонентті қоса алғанда- 26сағат; 5-9- сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16- қосымшаға сәйкес төмендетілген оқу жүктемесі бойынша апталық жүктеме 5-сыныпта апталық жүктеме вариативтік компонентті қоса алғанда -28,5 сағат; 6- сыныпта вариативтік компонентті қоса алғанда -28,5 сағат; 7- сыныпта вариативтік компонентті қоса алғанда- 32,5 сағат;8- сыныпта вариативтік компонентті қоса алғанда -32,5 сағат; 9- сыныпта вариативтік компонентті қоса алғанда -34 сағат; 10 А -сыныбында (қоғамдық-гуманитарлық бағыты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500бұйрығына 85-қосымшаға сәйкес жасалған оқу жоспарында апталық жүктеме вариативтік компонентті қоса алғанда -34 сағат; 10Ә,10Б-сыныптарында (жаратылыстану-математикалық бағыты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86- қосымшаға сәйкес жасалған оқу жоспарында апталық жүктеме вариативтік компонентті қоса алғанда -35 сағат; 11А,11Ә,11Б-сыныптарында (жаратылыстану-математика бағыты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшаға сәйкес жасалған оқу жоспарында апталық жүктеме вариативтік компонентті қоса алғанда -35 сағат;

Білім алушылардың инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрамдас бөлікті құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ- мен белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

2021-2022,2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022

№406) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» сәйкес, инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

Электронды журналдарды тексеру барысында, оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестесінде пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Барлығы типтік үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған.

2021-2022 оқу жылы бойынша 1-сыныпта– апталық 22,5 сағат, жылдық 742,5 сағат, 2-сыныпта – апталық 23 сағат, жылдық 782 сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884сағат, 4-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

5-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат, 6-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат,

7-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық 1088 сағат, 8-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағат,

9-сыныпта–апталық 34 сағат, жылдық 1156 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10-сыныпта(қоғамдық-гуманитарлық бағыт) – апталық 29 сағат, жылдық - 986 сағатты,

10 сыныпта (жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 33 сағат, жылдық - 1122сағатты,

11-сыныпта (жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 33 сағат, жылдық - 1122 сағатты,

11-сыныпта (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) – апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты, құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны:1 сыныпта - апталық 0 сағат, жылдық – 0 сағат, 2 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат берілген.

5-6-7-8-9 сыныптарда – апталық 2 сағат, жылдық – 68 сағат,

10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) – апталық 7 сағат, жылдық – 238 сағат,

10-сынып (жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 4 сағат, жылдық – 136 сағат,

11-сынып(жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 6 сағат, жылдық – 204 сағат,

11-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) – апталық 7 сағат, жылдық – 238 сағат берілген.

2022 -2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1-сынып – апталық 18,5сағат, жылдық 647,5 сағат, 2-сынып – апталық 23 сағат, жылдық 828 сағат, 3-4 сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 900 сағат, оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

5-сынып– апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат, 6-класта – апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат,

7- сынып–апталық 31 сағат, жылдық 1116 сағат, 8-класта – апталық 32 сағат, жылдық 1152 сағат,

9-сынып – апталық 33 сағат, жылдық 1188 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10-сынып (жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 32 сағат, жылдық - 1152 сағатты,

11-сынып (жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 32 сағат, жылдық - 1142 сағатты, 11 класта (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) – апталық 31 сағат, жылдық - 1116 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны: 1 сыныпта- апталық 1 сағат, жылдық – 35 сағат, 2 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 36 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 1 сағат, жылдық – 36сағат берілген.

5-8 сыныпта – апталық 0,5 сағат, жылдық – 18 сағат,

9 -сыныпта– апталық 1 сағат, жылдық – 36 сағатты құрайды.

10 сыныпта (жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 2 сағат, жылдық – 72 сағат,

11 сыныпта – апталық 3 сағат, жылдық – 108 сағат берілген.

2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-сыныпта– апталық 17,5 сағат, жылдық 577,5 сағат, 2-сыныпта – апталық 21 сағат, жылдық 714 сағат, 3-4 сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

5-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 6-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 7-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 8-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат,

9-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10-сыныпта (жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты,

10-сыныпта (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) – апталық 31сағат, жылдық - 1054 сағатты,11-

сыныпта– апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты құраған.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 2 сағат, жылдық – 66 сағат, 2 сыныпта - апталық 3 сағат, жылдық – 102 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 2 сағат, жылдық – 68 сағат берілген. 5-6 сыныпта – апталық 1,5 сағат, жылдық – 51 сағат, 7-8 сыныпта – апталық 4,5 сағат, жылдық – 153 сағат, 9-сыныпта – апталық 5 сағат, жылдық – 170 сағат құраған.

10-сынып (жаратылыстану-математика бағыты) – апталық 3 сағат, жылдық – 102 сағат, 10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) – апталық 3 сағат, жылдық – 102 сағат, 11-сынып – апталық 3 сағат, жылдық – 102 сағат берілген.

Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты, балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.

Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып топқа бөлу.

Сыныптарды топқа бөліп оқытудың талаптарының сақталу жағдайын электрондық «Kundelik.kz» журналы арқылы тексерілді. Оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда жүргізілген. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған.

Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген.

2021-2022 оқу жылы кластарды екі топқа бөлу (оқушылар саны 24 және одан артық болғанда) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен және 2022-2023,2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. №406) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде жүргізілген.

2021-2022 оқу жылында аталған құжаттың 2-қосымшасына сәйкес Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 42-тармағы бойынша 1-4 сыныптарда сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда орыс тілі, ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық пәндері бойынша жүргізіліп отырған.

Негізгі орта білім беру бойынша:

2021-2022 оқу жылында аталған құжаттың 3-қосымшасына сәйкес Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 57-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда орыс тілі және әдебиет,ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика , дене шынықтыру пәндері бойынша жүргізілген.

Жалпы орта білім беру бойынша:

2021-2022 оқу жылында аталған құжаттың 4-қосымшасына сәйкес Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 51-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда орыс тілі және әдебиет,ағылшын тілі, информатика , дене шынықтыру пәндері бойынша жүргізіліп отыр.

2021-2022 оқу жылында жыл басында ерекше білім беруді қажет ететін 2 білім алушы болған. Олар:3«Ә»- сыныбында 1 және 3«Г» сыныбында 1 білім алушы. Қазан айында 2 «Б» сыныбына, желтоқсан айында 5 «А» және 8 «Б» сыныптарына ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар қабылданған. Инклюзивті білім беру шеңберінде пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен ұйымдастырылған.

2021-2022 оқу жылында 1-4-сыныпта 13 класс-комплект, 5-9-сыныпта 17 класс-комплект, 10-11 сыныпта 4 класс-комплектіде екі топқа бөліп оқыту жүргізілген. Осы оқу жылында оқушы саны 24-ке толмағандықтан 1Г, 3А, 3Г (20), 4Б, 4В, 4Г, 5Ә, 5Б, 5Г, 7А, 7Ә, 7В, 11Ә, 11Б сыныптары топқа бөлінбеген.

2022-2023 оқу жылында жыл басында ерекше білім беруді қажет ететін 5 білім алушы болған. 3Б-1, 4Ә- 1, 4Г -1 білім алушы, 6«А»-1, 9Б-1 білім алушы Қазан айында 4 «Г» сыныбына бір білім алушы қабылданған. Инклюзивті білім беру шеңберінде пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен ұйымдастырылған.

2022-2023 оқу жылында 2-4-сыныпта 10 класс-комплект, 5-9-сыныпта 9 класс-комплект, 10-11 сыныпта 5 класс-комплектіде екі топқа бөліп оқыту жүргізілген. Осы оқу жылында білім алушы саны 24-ке толмағандықтан 2В, 2Г, 4А, 4Ә(19), 4В, 4Г(19), 5А, 5Б, 5В, 6А(19), 6Ә, 6Б, 6В, 6Г, 7В, 8А, 8Б, 8В, 11Б сыныптары топқа бөлінбеген.

2023-2024 оқу жылында оқу жылының басында ерекше білім беруді қажет ететін 3 білім алушы болған. 4 «Б»-1, 5 «В»-1, 7 «А» - 1 білім алушы болған.. 28-қыркүйекте 5 «Ә» -сыныбына - 1,16 қазанда 5 «В»сыныбына -1 білім алушы қабылданған. Инклюзивті білім беру шеңберінде пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылында 2-4-сыныпта 14 класс-комплект, 5-9-сыныпта 15 класс- комплект, 10-11 сыныпта 4 класс-комплектіде екі топқа бөліп оқыту жүргізілген. Осы оқу жылында білім алушы саны 24-ке толмағандықтан 2Б, 2Г, 5В(18), 6В, 8Ә, 8В, 10Б, 11Ә сыныптары топқа бөлінбеген.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар

Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- сыныпқа қабылдау, 10- сыныпқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9-сынып, 11-сынып түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.

Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2021 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, ал 10 сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары” негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.

2021-2022 оқу жылының басында 1113 білім алушы. 1- сыныпқа 119 білім алушы, 10- сыныпқа 72 білім алушы қабылданған. 9-сыныпта 109 білім алушы, 11-сыныпта 60 білім алушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. 2022-2023 оқу жылының басында 1076 білім алушы. 1-сыныпқа 118 білім алушы, 10- сыныпқа 86 білім алушы қабылданған. 9-сыныпта 104 білім алушы, 11-сыныпта 66 білім алушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. 2023-2024 оқу жылының басында 1038 білім алушы. 1- сыныпқа 104 білім алушы, 10- сыныпқа 77 білім алушы қабылданған. 9 –сыныптан 75 білім алушы, 11-сыныптан 73 білім алушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған білім алушы болмаған, білім алушы басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты білім алушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;

2) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

2021-2022 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2022-2023 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы « Орта білім беру ұйымдарында 2022– 2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2022-2023 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2023-2024 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 12 тамыздағы « Орта білім беру ұйымдарында 2023– 2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул

кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан-5 қараша аралығында), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

5. Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

- **Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).**

Орналасқан мекен жайы: 030020, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Тургенев көшесі, 70 «А»

Құрылған жылы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің «№30 қазақ орта мектебі» КММ-сі 1969 жылы типтік ғимарат болып салынған.

Жобалық қуаты: 964 орын

Жалпы ауданы: 4062,1 ш.м.

Ғимараттың жалпы ауданы: 17675 ш.м.

Оқу кабинеттер саны: 30

Спорт зал 288 ш.м.

Асхана мәжіліс залымен бірге 285 ш.м.

Оқу зертханалар саны 3

Оқу кабинеттері 30

Ағымдағы жөндеулер бойынша мәлімет:

2022 жылы ағымдағы ішінара жөндеу жұмысы жылу жүйесіне 8 262 000 тенгеге

2023 жылы дәретханаларға, мұғалімдер бөлмесіне, мұғалімдердің киім бөлмесіне 2 777 600 тенгеге жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2024 жылы Физика кабинеті мен зертханасына жөндеу жұмыстары -1 200 000 тенгеге,

- Химия кабинеті мен зертханасына жөндеу жұмыстары-1 590 000 тенгеге,
- Кітап қоймасы мен оқу залы бойынша жөндеу жұмыстары-1 456 789 тенгеге,
- Үйірме бөлмесінің жөндеу жұмысы- 419 000 тенгеге,
- Тәрбие бөлімі кабинетінің жөндеу жұмысы- 779 000 тенгеге,
- Кәріз және су құбырларын қазу жұмыстары- 310 000 тенге,
- Жылу жүйесіне жөндеу жұмыстары-1 196 650 тенгеге,
- Кабинет есіктерін ауыстыру 24 дана-1 330 000, 11 класс
- Кабинет төсеніштерін ауыстыру (11 кабинет)- 2 057 000 тенгеге
- Бойлер және т.б. ағымдағы жөндеу жұмыстары – 963 437,44 теңге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кеміне 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиориялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар) , білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың

болуы, түру үшін жағдайлардың болуы).

Техникалық төлқұжат бойынша үй - жайлар, бөлмелер саны-24.

Физика-1 (78,2 ш.м.); Химия-1 (81,3 ш.м.); Биология-1 (49,8 ш.м.); Тарих-1 (48,2 ш.м.); АӘЖТД -1 (66 ш.м.); География -1 (47,6 ш.м.); Қазақ тілі мен әдебиеті-2 (47,6 ш.м.); Математика –2 (48,7; 51,0 ш.м.); Ағылшын кабинеті –1, (20,0 ш.м.), Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті –1, (48,8 ш.м.),Технология кабинеті (ұл)–1 (66,5 ш.м.); Технология кабинеті (қыз)-1 (51,0 ш.м.), Информатика-2 (48,2, 48,2 ш.м.), Бастауыш кластар бойынша оқу кабинеті-8, (385,06 ш.м.); Қосалқы кабинеттер мамандар кабинеті: директор-1, әлеуметтік педагог-1, медкабинет-2, жантанушы -1, Мәжіліс залы (асханамен бірге)-285 ш/м, Спорт зал-288 ш/м. Мектепте оқу кабинеттерінің жабдықталу көрсеткіштері бойынша тұтас білім беру ұйымындағы педагогикалық ұжым жұмысының келешегі мен негізгі бағыттары анықталады. Кабинеттерде құрал-жабдықтар физика, биология, химия, информатика, кабинеттерімен жабдықтаудың шкафтар, стендтер, принтер және т.б. зертханалық құралдар сабақ өткізу кезінде экрандармен жабдықталған. Класта орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және оқушылардың дербес компьютерлермен (ноутбуктар мен планшет), мобильді құрылғылармен қамтамасыз етілген. Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, физика кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орындары бар. Оқу орындары үй-жайдың мақсатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған. Шет тілдер, информатика кабинетінде компьютерлік үстелдерді периметр бойынша орналастыру ескерілген. Бейнебақылау камерасы мектеп бойынша-32 камера, іште-17 сыртта-15. ҰББДҚ желісіне қосылған. Сақтау жады 30 күн.

Компьютерлер саны-201, ноутбук-120 оның ішінде 108 ғаламторға шығу мүмкіндігі бар, 62 оқушыларға арналған, 24 оқытушыға арналған, интернет желісі жылдамдығы 100Мбит/с. планшет-40, 3D принтер-1, Интерактивті тақта-10; Интерактивті панель -3, микроскоп-12шт, скилет-2, муляждар, гербарилер; шаңғы-12; доптар (баскетбол, волейбол, футбол, ганбол)-73; обруч-12; маты-25, турник-1; арқан-4; гимнастикалық ат-2, бөрене, брусья, гимнастикалық қабырға-1; т.б.

Ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы. Мектепте 3 су шуге арналған фонтандар орнатылған. 15 унитаз, 10-қол жуғыш бар.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер Негізгі кіреберісте арбамен пайдалануға арналған пандус бар, мектеп ғимаратында цифрлық құрылғылар (кіреберістегі қоңырау, тактильді лента, бағыттағыштар) орнатылған. Мектептің бірінші қабатында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дәретхана бар.

Edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі атаудың болуы туралы мәлімет: Зерделеу барысында "RS Solutions" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 2023 жылғы 12 сәуірде №20 келісім шарт негізінде қызмет көрсетіледі. [https:// Mektep-30.edu.kz](https://Mektep-30.edu.kz)

Мектеп сайты: Mektep-30.edu.kz **мектеп электронды поштасы:** Aktobe_sh_30@mail.ru. Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтың болуы туралы мәліметтер: 1-4 класс оқушылары үшін металл шкафтар, саны 110 шкаф құлыппен 2 есіктен бір кезеңде 220 оқушыға арналған, жалпы құны 6 237 000 (алты миллион екі жүз отыз жеті мың) теңгеге (келісім шарт №45 2024 жылғы 19 сәуір) ТОО «Альфа Плюс»-тен алынды.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Медициналық 2 кабинет бар. Екпе жасау бөлмесі - 14,8 ш/м. Дәрігер бөлмесі – 20,4 ш/м. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетіледі. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «№1 қалалық емханасы» КММ тарапынан медициналық кабинетке лицензия алынған.

| Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен-жайы | Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі) | Ескертпе |
|---|--|-------------------|
| «№30 қазақ орта мектебі» КММ | №10404DD Берілген күні 24.03.2017 | Мерзімі шектеусіз |

Білім беру ұйымында 1 медициналық қызметкер жұмыс жасайды. ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021жылғы 5 тамыз №76 бұйрық бойынша медициналық құжаттар бар. «№30 қазақ

орта мектебі» КММ-нің медициналық кабинетіне қызмет көрсетуге №1 қалалық емханасынан 01.03.2024ж Жанұзақова Айгерім Бекарысқызы медбике болып тағайындалған. Мамандығы «Медбикелік ісі», медбикенің біліктілігін арттыру куәлігі №230 19.07.2022ж.

ҚР 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 74 бабын негізге ала отырып, «№30 қазақ орта мектебі» аумағындағы мектептердің медициналық кабинетін пайдалану үшін «Мемлекеттік мүлікті жалдаудың (жалға берудің) шарты 2023 жылдың 06 қаңтар айында Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 қалалық емханасы» мемлекеттік мекемесімен келісім шарт жасалған. Мүлікті жалдаудың шарты 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

| № | Медициналық жабдықтар мен құрал саймандардың атауы | саны |
|-----|--|--------------|
| 1. | Жазу үстелі | 3 |
| 2. | Орындықтар | 4 |
| 3. | Кушетка | 2 |
| 4. | Кеңсе шкафы | 3 |
| 5. | Медициналық шкаф | 1 |
| 6. | Дәрі-дәрмек салатын шкаф | 1 |
| 7. | Керме | 2 |
| 8. | Шыны қақпағы бар медициналық шағын үстел | 2 |
| 9. | Тоңазытқыш (вакциналарға және дәрі-дәрмектерге арналған) | 2 |
| 10. | Танометр | 1 |
| 11. | Фонендоскоп | 1 |
| 12. | Бактерицидті шам | 2 |
| 13. | Медициналық таразы | 1 |
| 14. | Бой өлшегіш | 1 |
| 15. | Вакциналарды тасмалдауға арналған термоконтейнер | 1 |
| 16. | Үстелге қоятын шам | 2 |
| 17. | Медициналық термометр | 20 |
| 18. | Қайшылар | 2 |
| 19. | Қол жуатын раковина | 2 |
| 20. | Педалды қақпағы бар шелек | 2 |
| 21. | Вакциналардың қалдықтарын жоюға арналған ыдыс | 2 |
| 22. | Медициналық халаттар | 2 |
| 23. | Қалпақтар | 2 |
| 24. | Бір рет қолданылатын жаймалар | Үнемі болады |
| 25. | Бір рет қолданылатын қағаз сүлгілер | Үнемі болады |
| 26. | Бір рет қолданылатын бетперделер | 10-30 |
| 27. | Жинау құралдары: швабра, шелек, шүберек, шүберектерді сақтауға арналған сыйымдылықтар | Үнемі болады |
| 28. | Дезинфекция құралдары | 3 |
| 29. | Кеңсе тауарлары (журналдар, дәптерлер, желім, қаламсап, қағаз тескі, степлер, корректор, папкалар және т.б.) | Үнемі |
| 30. | Кішкентай бикс | 1 |
| 31. | Үлкен бикс | 1 |
| 32. | Резеңке бұрау | 4-6 |
| 33. | 2,0, 5,0, 10,0 инелері бар шприцтер | 10-20 |
| 34. | Пинцет | 1 |
| 35. | Резеңке жылытқы | 1 |
| 36. | Мұзға арналған ыдыс | 2 |
| 37. | Бүйрік тәрізді науа | 2 |

| | | |
|-----|--|-------|
| 38. | Метал қалақша | 40 |
| 39. | Аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған шиналар | 3 |
| 40. | Сантиметрлік лента | 1 |
| 41. | Көздің көргіштігін анықтауға арналған кестелер | 1 |
| 42. | Дозаторлы сұйық сабын | үнемі |

Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына (ҚР Оқу ағарту министрлігінің 07.12.2022 №490 Қағида 108-1 тармақпен толықтырылды.) «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай – ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жан басына шаққандағы табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасыларынан шыққан бір балаға облыстық білім басқармасы бекіткен екі апталық ас мәзірі бойынша бір балаға шаққанда 507 теңге көлемінде тамақтандырылған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына мектеп асханасының санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәлімет 11 қосымша сәйкес беріліп, білім беру ұйымының басшысының қолы қойылып, мөрі басылған. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық – эпидемиологиялық қортындысының берілген уақыты 03.06.2013ж. №1217

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер №30 ОМ КММ (2023-2024 оқу жылы жағдайы бойынша)

| Білім беру процесі жүргізілетін құрлыстың нақты мекен жайы | Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана,буфет,дәмхана) | Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және номері) | Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету) |
|---|---|--|---|
| Ақтөбе қаласы Тургенева 70 А | Асхана 93,7кв/м | 03.06.2013ж. №1217 | №10 Келісім шарт,17.01.2024ж ИП «Дүйсенғалиева Жадыра Болатовна» Серия 10915 №0096908 |

Жеке кәсіпкер Ж.Б. Дүйсенғалиева мектеп директорымен келісілген жаңа оқу жылына асхана жұмысының 2 жақты шарт жасақталған. Күн сайын тамақ ішетін залда Ақтөбе облысының білім басқармасының бекіткен 2 апталық ас мәзірі ілінген, онда тағамдардың атауы, әр дайын тағамның шығымы көрсетіліп, отырады. Тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімдері және оларды сақтау шарттары өндіруші белгілеген жарамдылық мерзімдеріне сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылында мектепте әлеуметтік топтағы отбасылардан шыққан 56 білім алушы жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен тегін жеңілдікті тамақпен қамтамасыз

етілген. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-4 сыныптардың 435 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Мектептің 1-4 каласс және әлеуметтік топтағы оқушылары ағымдағы оқу жылының қыркүйегінде мектеп басшысы бекіткен тамақтану кестесіне сәйкес тамақтанған.

Мектепте тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі бракераждық комиссия мүшелері уқытылы бақылап, қадағалайды. Мектепте типтік 100 орынға арналған асхана бар.

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулыға сәйкес әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары мен қорғаншылықтағы және қамқоршылық кеңесі ұсынған отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отырған.

Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы туралы мәлімет

| Оқу жылы | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 |
|--|------------------|------------------|------------------|
| Оқушы саны | 1113 | 1076 | 1038 |
| Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар саны | 100 | 110 | 56 |

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылы 19 қаңтардағы № 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» 22 мамырдағы № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.

Кітапхана ғимараттың үшінші қабатында орналасқан. Кітапхана көлемі 48,6, оқырман залы Кітап қорына арналған бөлме бар. Кітап қоры 48088 дана, оның ішінде оқулықтар – 28833, негізгі қор 16255 дана кітап, оқырмандар саны 1100. Кітапханада 1 компьютер, 3 ноутбук бар.

Кітапханада оқырмандарға арналған абонемент, оқу залы, оқулықтар қорын сақтайтын кітап қоймасы бар. Жарықтандыру санитарлық – гигиеналық талаптарға сәйкес. Кітапханада буккроссинг бұрышы, «Оқуға құштар мектеп» бұрышымен жабдықталған. Кітапханада жайлылық сезіну үшін, жұмыс жасауға қолайлы психологиялық жағдай жасалған. Безендірілген тақырыптық көрмелер, керекті энциклопедиялар, анықтамалар, ғылыми әдістемелік, көркем әдебиет, баспалармен жабдықталған. Жинақты материал және тақырып бойынша папкаларға безендірілген. Жаңа оқу жылына «Коворкинг» орталығын қолданысқа беру жоспарланған.

Кітапханадағы кітап қоры қозғалысының өзгеруіне оқу жылымен салыстырғанда қордың қозғалысы

| Жылдары | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 |
|-----------------------|------------------|------------------|------------------|
| Барлық кітапхана қоры | 50154 | 46323 | 46580 |
| Көркем әдебиет қоры | 17550 | 17756 | 17747 |
| Келген түсім | 110 | 206 | 288 |
| Оқулық қоры | 32604 | 28567 | 28833 |
| Келген түсім | 5155 | 2231 | 266 |

2021 -2024 оқу жыл аралындағы оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі туралы ақпарат

| 2021-2022 оқу жылы | | 2022-2023 оқу жылы | | 2023-2024 оқу жылы | |
|---------------------------|-------------------|---------------------------|-------------|---------------------------|-------------|
| КОМПЛ | КОНТИНГЕНТ | КОНТИНГЕНТ | КОМП | КОНТИНГЕНТ | КОМП |
| 1-кл -131 | 1-кл - 125 | 100 | 125 | 104 | 125 |

| | | | | | |
|---------------------------|------------------------------|--------------------------|---------------------------|---------------------------|---------------------------|
| 2-кл -123 | 2-кл- 175 | 120 | 123 | 109 | 123 |
| 3-кл- 114 | 3-кл- 160 | 120 | 160 | 106 | 160 |
| 4-кл -106 | 4-кл- 155 | 110 | 155 | 111 | 155 |
| 5-кл -113 | 5-кл- 152 | 110 | 152 | 93 | 152 |
| 6-кл -118 | 6-кл -153 | 110 | 153 | 98 | 153 |
| 7-кл -96 | 7-кл- 147 | 110 | 147 | 99 | 147 |
| 8-кл -92 | 8-кл -140 | 95 | 140 | 88 | 140 |
| 9-кл- 86 | 9-кл -142 | 90 | 142 | 75 | 142 |
| 10-кл ЖМБ-58 ҚГБ -0 | 10 кл. ЖМБ- 95 ҚГБ- 30 | 10 кл ЖМБ 75 ҚГБ 0 | 10 кл ЖМБ 95 ҚГБ 30 | 10 кл ЖМБ 46 ҚГБ 28 | 10 кл ЖМБ 95 ҚГБ 30 |
| 11кл ЖМБ--59 ҚГБ-0. | 11-кл ЖМБ 70 ҚГБ 30 | 11-кл ЖМБ 85 ҚГБ 0 | 11-кл ЖМБ 70 ҚГБ 30 | 11-кл ЖМБ 73 ҚГБ 0 | 11-кл ЖМБ 75 ҚГБ 0 |

Жалпы мектеп бойынша қазіргі уақытты бала бар, оқулықпен қамтылуы 100 пайыз құрады. 2021 - 2024 оқу жылында қолдануға рұқсат етілген оқулықтар түгелімен таратылды.

Кітап қорын ұйымдастыру және сақтау.

Автоматтандырылған ақпараттық – кітапханалық жүйе АИБС МАРК SOL - мектеп кітапханасы қажет кітапты іздеу, кітаптың сипаттама карточкасын шығару бағдарламасы жұмыс жасаған. Кітапханада көркем әдеби қорын көбейту мақсатында жыл сайын «Кітапханаға кітап сыйла» акциялары ұйымдастырылған. Акция барысында мектеп білім алушылары, ұстаздар, ата – аналар кітапханаға құнды кітаптарды сыйға тартқан. 2023-2024 оқу жылында Қалалық білім бөлімінен ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған кітаптар алынған. Сонымен қатар еңбекке баулу, бейнелеу өнері пәні бойынша мұғалімге арналған әдістемелік флешкасы алынған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында білім алушылар оқулықпен 100 % пайыз толық қамтылған.

7. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар

ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері)

Зерделеу нәтижесі бойынша:

2021-2022 оқу жылында білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (өзгерісі 12.05.2022 №193) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестатту жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша, «№30 қазақ орта мектебі» КММ –де **2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы 9-11 сынып білім алушылардың білімін қорытынды аттестатуға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрықтары, емтиханды өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары жинақталған. 9 сыныптың 109 білім алушысы қорытынды аттестаттаудан өтіп, негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат алды, оның ішінде 12 оқушы «Үздік» аттестат алған.**

11 сыныптың 60 білім алушысы қорытынды аттестаттаудан өтіп, жалпы мектепті бітіргені туралы аттестат алды, оның ішінде 3 білім алушы «Алтын белгі» аттестатын, 3 білім алушы «Үздік аттестат» иеленген. 9»Б» сынып білім алушысы Жұмабекова Диляра Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген 4 тарауының 50,51 тармақтарына сәйкес, Ақтөбе облысының білім басқармасының

17.05.2022 жылғы №174 бұйрығы негізінде қорытынды бітіру емтиханнан босатылған, 11 «Б» сынып білім алушысы Саликова Ардақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген 4 тарауының 55 тармақтарына сәйкес, ата-анасының өтініші бойынша (шет елге оқуға кетуіне байланысты) қорытынды аттестаттау уақытынан бұрын ұйымдастырылған, қалалық білім бөліміне хабарлама жіберілген, кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы өткізілген.

2021-2022 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

9-сыныпта 109 білім алушы 108-і мемлекеттік емтихан тапсырды. Қазақ тілінен білім алушылардың үлгерімі 100%, білім сапасы 75%. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша білім алушылардың үлгерімі 100%, білім сапасы 81%. Математика пәнінен үлгерім 100%, білім сапасы 72%, Қазақстан тарихы пәні бойынша білім алушылардың үлгерімі 100%, білім сапасы 77%.

11-сыныпта 59 білім алушы қорытынды аттестаттау емтиханын тапсырды. Қазақ тілінен оқушылардың үлгерімі 81%, білім сапасы 100%, орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың үлгерімі 81% білім сапасы 100%, математика пәнінен үлгерім 100%, білім сапасы 79%, Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушылардың үлгерімі 77%, білім сапасы 100%.

Таңдау пәндері бойынша: биология(13) білім сапасы-84%, география(20) білім сапасы-80%, физика(15) білім сапасы -86%, ағылшын тілі (9) білім сапасы-88%, дүниежүзі тарихы (2) білім сапасы-100%.

2022-2023 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 10 сәуірдегі №88 бұйрығы басшылыққа алынған.

2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

